Бекітемін
Мектеп директоры ____________
М. Санаев

«№41 Қ. Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында
өткізілетін әдістемелік кеңес жоспары

| № | Жұмыстың негізгі бағыттары | Жауаптылары | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыс қорытындысы және жаңа оқу жылына жұмысты жоспарлау. Әдістемелік кеңестің жылдық жоспарын бекіту. | А.Бекботаев | Қыркүйек |
| 2 | Әдістемелік пән бірлестіктері ішінде жыл бойы ұйымдастырылатын іс-шаралар кестесін бекіту. | М. Жайлыбаева ӘБЖ | |
| 3 | Пән бойынша күнтізбелік, тақырыптың жоспар, факультативтік сабақтар мен үйірме жұмыстарының бағдарламаларын жоспарлау, бекіту. (пән.бірлестік мүшелері) | Тәлімгер ұстаз | |
| 4 | Бейінді оқытуға байланысты биылғы 10 а,б сыныптың таңдаған бағыты туралы –(10а,б сынып жет-рі) | А.Бекботаев С. Сабденова ӘБЖ | |
| 5 | Жаңартылған оқу бағдарламасының түрін таңдау туралы-меткеп директоры | Б.Бекботаев ӘБЖ | |
| 1 | Мектепішілік оқушылар және мұғалімдер олимпиадасы жайлы (хабарлама-баяндама) – пән бірлестік жетекшілері. | С. Сабденова | Қараша |
| 2 | Мектептегі әдістемелік пән апталықтарының өткізілуі туралы ұсыныстарды талдау, шешім қабылдау (ұсыныстар) – әдістемелік берлестіктер жетекшілері. | С. Сабденова ӘБЖ | |
| 3 | Осыған дейін ҰБТ-дан байқау тестілерінің нәтижесін талдау (есеп)- тестке дайындайтын мұғалімдер. | С. Сабденова ӘБЖ | |
| 4 | I – тоқсан қорытындысы. | А. Каримбаева Шығармашылық топ | |
| 5 | Математика әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар) мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | А. Каримбаева Шығармашылық топ | |
| 6 | Критериалды бағалау бойынша құжаттарды зерделеу (жиынтық және формативті бағалау) БЖБ және ТЖБның орындалуын зерделеу | С. Сабденова ӘБЖ | |
| 7 | 2-4 сыныптардағы «Қазақ тілі», «Математика» пәні бойынша жазба жұмыстары | М. Жайлыбаева ӘБЖ | |
| 8 | «КМЖ-ның талапқа сай жасалуын зерделеу» | С Сабденова ӘБЖ | |
| 9 | Орыс тілі және әдебиеті әдістемелік | С Сабденова | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар) мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | Шығармашылық топ | |
| 10 | Әдістемелік бірлестік жетекшілердің жұмыс жоспарының І жарты жылдықтағы қорытындысы | | |
| 1 | Критериалды бағалау бойынша құжаттарды зерделеу (жиынтық және формативті бағалау) БЖБ және ТЖБның орындалуын зерделеу | М. Жайлыбаева ӘБЖ | Қаңтар |
| 2 | «Зерттеуші» кәсіби қоғамдастық жұмысының І жарты жылдықтағы қорытындысы | Шығармашылық топ | |
| 3 | Эстетикалық пәндер әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар)мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | С Сабденова ӘБЖ | |
| 4 | Тарих, география әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | С Сабденова Д.Қайырбекова ӘБЖ | |
| 5 | Мұғалімдер пәндік олимпиадасының дайындығы (олимпиадалық резерв) | С Сабденова ӘБЖ | |
| 6 | Физика, информатика әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар) мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | С Сабденова ӘБЖ | |
| 7 | Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстары | Шығармашылық топ | |
| 8 | Мектептегі шығармашылық жұмыстарының жүргізілу деңгейін зерделеу | Шығармашылық топ | |
| 1 | Критериалды бағалау бойынша құжаттарды зерделеу (жиынтық және формативті бағалау) БЖБ және ТЖБның орындалуын зерделеу | С Сабденова ӘБЖ | Наурыз |
| 2 | Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар) мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | С Сабденова ӘБЖ | |
| 3 | Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар) мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | А. Ақботаев ӘБЖ | |
| 4 | Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар) мен пәндік апталық қорытындыларын зерделеу | А. Ақботаев ӘБЖ | |
| 5 | "Үздік педагог" байқауының мектепішілік кезеңі. | А. Ақботаев ӘБЖ | |
| 6 | БЖБ және ТЖБ-ның орындалуын зерделеу | А. Ақботаев ӘБЖ | |
| 7 | Химия, биология әдістемелік бірлестігінің жұмысын, іс құжаттары (оқу-әдістемелік құралдар) мен апталық қорытындыларын зерделеу | А. Ақботаев ӘБЖ | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Критериалды бағалау бойынша құжаттарды зерделеу (жиынтық және формативті бағалау) БЖБ және ТЖБның орындалуын зерделеу | М. Жайлыбаева ӘБЖ | Мамыр |
| 2 | Дарынды балалармен жүргізілген жұмыс және олипиада қорытындысы | М. Жайлыбаева ӘБЖ | |
| 3 | БЖБ және ТЖБ-ның орындалуын зерделеу | М. Жайлыбаева ӘБЖ | |
| 4 | Инклюзивті оқытудағы мұғалімдерге берілген әдістемелік көмектің қорытындысы | М. Жайлыбаева | |
| 5 | «Зерттеуші» кәсіби қоғамдастық жұмысының жылдық қорытындысы | Шығармашылық топ | |
| 6 | Мұғалімдер пәндік олимпиадасының дайындығы | А.Бекботаев | |
| 7 | "Үздік педагог" байқауының қалалық кезеңі қорытындысы | А.Бекботаев | |
| 8 | Әдістемелік бірлестік жетекшілердің жұмыс жоспарының жылдық қорытындысы | ӘБЖ | |
| 9 | Мектептегі шығармашылық жұмыстарының жүргізілу деңгейін зерделеу қорытындысы | А.Бекботаев | |

**ДОЖЖО** **А. Бекботаев**

№41 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің әдістемелік кеңесінен

ХАТТАМА №1

29.08.2023ж Қаратөбе ауылы

Қатысқан – 80 Жиналыс төрағасы: А.Бекботаев
Қатыспаған – 2 Хатшысы: К.Тайтелиева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыс қорытындысы және жаңа оқу жылына жұмысты жоспарлау. Әдістемелік кеңестің жылдық жоспарын бекіту - А.Бекботаев.

2. Әдістемелік пән бірлестіктері ішінде жыл бойы ұйымдастырылатын іс-шаралар кестесін бекіту. (пән бірлестік жетекшілері).

3. Пән бойынша күнтізбелік , тақырыптың жоспар , факультативтік сабақтар мен үйірме жұмыстарының бағдарламаларын жоспарлау , бекіту. (пән. бірлестік мүшелері)

4. Бейінді оқытуға байланысты биылғы 10 а,б сыныптың таңдаған бағыты туралы – (10а,б сынып жет-рі)

5. Жаңартылған оқу бағдарламасының түрін таңдау туралы-мектеп директоры.

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоының оқу ісі бойынша орынбасары А.Бекботаев сөзге шығып, өткен оқу жылының қорытындысына талдау жасады. Жетістіктер мен кемшіліктер айтылды. Әдістемелік кеңестің биылғы жылғы жасалған жоспарымен таныстырды. Әдістемелік кеңес жоспары сол қалпында бекітілді.

Екінші мәселе бойынша байланысты әдістемелік пен бірлестік жетекшілері атынан – А.Ақботаев сөз алды. Ол өз сөзінді пән бірлестіктері ішіндегі жыл бойы ұйымдастырылатын іс-шараларды айтып өтті, оған арнайы кесте жасалатын болды.

Үшінші мәселе бойынша пән бірлестік жетекшілері атынан А.Ақботаев сөз сөйледі.

Ол өз сөзінде өз пәні бойынша барлық мұғалімдердің күнтізбелік , тақырыптық және т.б жоспарларының жаңартылған мазмұнда жасалынғанын және талапқа сай жазылғанын айтып өтті. Басқа бірлестіктер бойынша да жоспардың орындалуы туралы есеп алынды.

Төртінші мәселе бойынша 10 а,б сыныптарының жетекшілері сөз алды. Олар биылғы оқу жылында бейінді оқытуға байланысты оқушылармен әңгіме өткізгендігін айтып өтті. Бейінді оқытудың екі бағытының , яғни 10а сынып “Жаратылыстану – математикалық“ бағыты 10 б сынып “қоғамдық-гуманитарлық“ бағыты оқытылатынын және олардың келісімдері алдынғандығын айтты.

Осы мәселе бойынша мектеп директоры М. Санаев өз баяндамасын оқыды. Ол өз баяндамасында биылғы оқу жылынан бастап жаңартылған оқу бағдарламасы 1-10сн енгізілгелі жатқанын және ондағы негізгі бағыттарын түсіндіріп өтті. Биылғы оқу жылынан бастап осы оқу бағдарламаға көшуді кезең-кезеңімен жүзеге асыратынымыз жайлы тоқталып өтті. Ондағы барлық ерекщеліктерге жеке-жеке тоқталып нақты

атқаруға тиісті жұмыстарды анықтап берді. Осы бағдарламаны жүзеге асыруға байланысты мектепте арнайы бағдарлама түзіліп жұмыстар жүргізілетінін айтып нақты тапсырмалар берді. Оқушылар мен ата-аналар арсында түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы да нақты айтылып өтті.

ҰСЫНЫС:

1. Әдістемелік кеңестің 2023-2024 оқу жылына жасалған жылдық жоспары бекітуге ұсынылсын.
2. Әдістемелік пән бірлестіктері бойынша жыл бойына атқарылатын іс-шара жоспары кестеге сәйкес жүргізілсін.
3. Пәндер бойынша күнтізбелік және тақырыптық жоспарлыр бекітілсін және сол жоспарға сәйкес жұмыс алып барылсын.
4. 2023-2024 оқу жылында 10а- сыныбында оқу "жаратылыстану – математикалық", 10б-сыныбында "қоғамдық-гуманитарлық" бағыты бойынша жүргізілсін.
5. Жаңартылған оқу бағдарламасын мектепке ендіру мақсатында бағдарлама түзіп түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: А.Бекботаев

Хатшысы: К.Тайтелиева.

№41 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебінің әдістемелік кеңесінен

# ХАТТАМА №2

05.11.23ж Қаратөбе ауылы

Қатысқан – 64
Қатыспаған – 1

Жиналыс төрағасы: А.Бекботаев
Хатшысы: К.Тайтелиева

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Мектепішілік оқушылар және мұғалімдер олимпиадасы жайлы (хабарлама – баяндама ) – пән бірлестік жетекшілері.
2. Мектептегі әдістемелік пән апталықтарының өткізілуі туралы ұсыныстарды талдау, шешім қабылдау (ұсыныстар) - әдістемелік бірлестіктер жетекшілері.
3. Осыған дейін ҰБТ – дан байқау тестілерінің нәтижесін талдау (есеп) – тестке дайындайтын мұғалімдер .
4. I – тоқсан қорытындысы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірлестік жетекшілері өз пәндері бойынша 9 – 11 сынып оқушыларының арасында өткізілген мектепішілік пән олимпиядасының нәтижесімен таныстырды. Мектепішілік пән олимпиядасы ойдағыдай өткізілгендігін айтып өтті.

Осы олимпияданың жеңімпаздары аудандық іріктеу олимпиядасына алып барып қатыстыру тиісті мұғалімдерге бұйрық арқылы бекітілетін болды және осы жеңімпаздарды марапаттау мектеп әкімшілігінен сұралатын болды.

Үшінші мәселе бірлестік жетекшілерінің ұсынысы бойынша дайындалған пән апталықтарының тізімін – А.Бекботаев оқып таныстырды.

Осы тізім кесте бойынша осы оқу жылында пән апталықтар өткізілетін болды және әдістемелік кесте талқыланатын болды.

Төртіңші мәселе бойынша 11 сынып оқушыларын ҰБТ – ға 4,9 сынып оқушыларын ББЖМ-ға дайындап жүрген мұғалімдердің осыған дейінгі алынған байқау тестілерінің нәтижесі тыңдалды. Байқау тестілерінің нәтижесі бойынша нашар балл алған оқушылармен қосымша сабақтар жүгізу керек деген ұсыныс айтылды. Осыған дейінгі алынған тестілердің нәтижесі бойынша математика және таңдау пәндерінің физика, химия пәндерінен оқушылардың жақсы жәтижеге жете алмай жүргендігі қоса айтылды. Осыған байланысты қосымша сабақтар өтуді және дайындықты күшейтуді пән мұғалімдеріне жүктелді.

Бесінші мәселе бойынша А.Бекботаев сөзге шығып. Ол өз сөзінде I – тоқсан соңындағы тоқсандық бағалар көрсеткіш реті бойынша талдау жасады. I- тоқсан қорытындысы бойынша 9а, 6а сыныптарының білім сапасы ең жоғары болғандықтан сынып жетекшілері Х.Сартаева , К.Тайтелиеваларға алғыс айтылды. Ал 10 б сынып жетекшілеріне нашар көрсеткіш алғаны үшін ескерту беру пед. Кеңестен сұралатын болды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: (ұсыныс)

1. Мектепішілік пән олимпиядаларының жеңімпаздары аудандық іріктеу олимпиядаларына жіберілсін және оларды марапаттау мектеп әкімшілігінен сұралсын.
2. Биылғы оқу жылында әдістемелік пән апталықтары осы жасалған кестеге сәйкес өткізілсін.
3. Осыған дейінгі алынған байқау тестілерінің нәтижесіне байланысты қосымша іс-шаралар жасалынсын.
4. I – тоқсан соңындағы оқушылардың білім сапасы көрсеткіштері бойынша 6а сынып жетекшісі Х.Сартаеваға, 6а сынып жетекшісі К.Тайтелиеваға алғыс жариялау, ал 10 б сынып жетекшісі Ә.Жамантаевқа ескерту беру пед. кеңестен сұралсын.

Жиналыс төрағасы: А.Бекботаев.

Жиналыс хатшысы: К.Тайтелиева.

№92 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебінің әдістемелік кеңесінен

# ХАТТАМА №3

06.01.23ж

Қаратөбе ауылы

Қатысқан – 81
Қатыспаған – 1

Жиналыс төрағасы: А.Бекботаев
Хатшысы: А.Жамантаев

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Пәндер бойынша алынған БЖБ. ТЖБ жұмыстарына талдау (баяндама-А.Ақботаев )
2. Оқу жылының І – ші жарты жылдығына атқарылған іс-шаралар нәтижелерін талқылау, (тіл мерекесі , тәуелсіздік, т.б апталықтар) (баяндама-А.Каримбаева)
3. Мұғалімдердің білімін арттыру курсына жіберу туралы және аттестациядан өте алмаған мұғалімдер туралы мәселе қарау.(хабарлама, талдау-А.Бекботаев)
4. Мұғалімдердің жазып жатқан баяндамаларын талқылау, бағыт-бағдар беру (дискуссия)
5. 4,9,11 а,б сыныптары ОЖСБ туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі А.Ақботаев сөз сөйлеп ІІ-тоқсан соңындағы алынған директорлық бақылау жұмыстарының қорытындысына жан жақты талдау жасады. Осы талдауға байланысты тиісті іс-шаралар жасау ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Каримбаева сөз сөйлеп оқу жылының І-ші жартысындағы атқарылған іс-шаралар бойынша өзінің есепті баяндамасын жасады. Баяндама қанағаттанарлық деген баға алды.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Бекботаев сөз алып осы оқу жылындағы мұғалімдердің білімін арттыру курсына кесте бойынша баратын мұғалімдер тізімін хабарлады.

Төртінші мәселе бойынша пән бірлестік жетекшісі К.Сүлейменова сөз алды. Ол өз сөзінде пән бірлестіктерінде талқыланған баяндамалардың ішінен: тарих пәні бойынша Б.Жолдасбековтың «Абылай хандығы», қазақ тілі пәні бойынша Н.Аппазовтың «Қазақ тілі пәнін оқытудағы ұлттық ойын түрлерінің рөлі», бастауыш сыныптар бойынша Г.Абдраймованың ана тілі пәні бойынша жазған баяндамаларын аудандық ақпан пед. оқуларына ұсынды. Ұсыныс бірауыздан мақұлданды.

Бесінші мәселе бойынша 11 сынып оқушыларын ҰБТ – ға 4,9,11 сынып оқушыларын ОЖСБ-ға дайындап жүрген мұғалімдердің осыған дейінгі алынған байқау тестілерінің нәтижесі тыңдалды. Байқау тестілерінің нәтижесі бойынша нашар балл алған оқушылармен қосымша сабақтар жүгізу керек деген ұсыныс айтылды. Осыған дейінгі алынған тестілердің нәтижесі бойынша математика және таңдау пәндерінің физика, химия пәндерінен оқушылардың жақсы жәтижеге жете алмай жүргендігі қоса айтылды. Осыған байланысты қосымша сабақтар өтуді және дайындықты күшейтуді пән мұғалімдеріне жүктелді.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: (ұсыныс)

6. Бірінші мәселеге байланысты іс-шара жасалынып бекітуге ұсынылсын.
7. Екінші мәселеге байланысты А.Каримбаеваның баяндамасы қанағаттанарлық деп табылсын.
8. Мұғалімдердің аттестациялауынан өтеуге тиісті мұғалімдер жіберілсін.
9. Б.Жолдасбековтың «Абылайхан хандығы», қазақ тілі пәні бойынша Н.Аппазовтың «Қазақ тілі пәнін оқытудағы ұлттық ойын түрлерінің рөлі», бастауыш сыныптар бойынша Г.Абдраймованың ана тілі пәні бойынша жазған баяндамалары аудандық ақпан пед.оқуына ұсынылсын.
10. 11 және 4,9 сынып оқушыларын ҰБТ мен ОЖСБ-ға дайындау жұмыстары күшейтілсін және қосымша іс-шаралар атқарылсын.

Жиналыс төрағасы: А.Бекботаев.

Жиналыс хатшысы А.Жамантаев